



«Бөбек kids» жеке бөбекжайының 2024-2025 оқу жылына арналған

Педагогикалық кеңесінің жоспары

№	Іс – шара	Максаты	Өткізілетін уақыты	Жауаптылар
	Педагогикалық кеңес №1 Тақырыбы: «Жаңа оқу жылындағы бөбекжай қызметінің негізгі бағыттары» Күн тәртібінде 1. Жазғы сауықтыру мерзіміндегі бөбекжай ұжымы жұмысының қорытындысы» 2. 2024-2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық оқу жоспарын, ұйымдастырылған іс әрекет кестесін, топтардың күн тәртібін бекіту, топтарды топтастыру. 3. Жаңа оқу жылына топтардың дайындығын тексеру 4. Топтарға жауапты тәрбиешілерді бекіту 5. 2024-2025 оқу жылындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша түсіндіру	Бөбекжайдың жылдық жұмыс жоспарын бекіту, 2024-2025 оқу жылы жұмысының негізгі бағыттарын, педагогикалық үрдісті ұйымдастыру ерекшелігін анықтау	Тамыз	Менгеруші, әдіскер
	Педагогикалық кеңес №2 Тақырыбы: Тұтас педагогикалық үдерісті құру арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік – патриоттық әлеуетін жан – жақты дамыту, азаматтыққа тәрбиелеу үшін жағдай жасау Күн тәртібінде 1. №1 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы. 2. Мектепке дейінгі жастағы балаларды азаматтық-патриоттық тәрбиелеу бойынша білім беру қызметін қазіргі заманғы білім берудің бастапқы деңгейімен сабақтастықты жүзеге асыру жағдайында ұйымдастыру. 3. «Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілік-патриоттық тәрбиелеудегі музыканың рөлі». 4. «Балаларды ұлттық құндылықтар	Тәжірибе алмасу аланы Баяндама	Желтоқсан	Әдіскер, барлық педагогтр

	арқылы адамгершілік-патриоттық тәрбиелеу» – педагогтердің іс-тәжірибесінен. 5. «Ұлттық ойындар – бала тәрбиесінің негізі» – практикалық бөлім. 6. Мектеп жасына дейінгі балалардың бойында Отанға, туған жерге және ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілікті қалыптастыру жолдары. 7. Педагогикалық кеңес шешімін қабылдау.			
	Педагогикалық кеңес №3 Тақырыбы: Мектеп жасына дейінгі балаларға адамгершілік – патриоттық тәрбие беру Күн тәртібінде 1. №2 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы туралы. 2. «Белсенділік арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың патриоттық тәрбиесі мен тарихи санасын қалыптастыру». 3. «Отбасы тәрбиесі – патриоттық тәрбиенің алғашқы қадамы». 4. «Ұлттық құндылықтар – бала тәрбиесінің негізі» – педагогтердің іс-тәжірибесінен. 5. Мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие беруде ұлттық ойындар мен салт-дәстүрлерді қолдану. 6. «Туған жерім – тұғырым» тақырыбында практикалық бөлім. 7. Педагогикалық кеңес шешімін қабылдау.	Тәжірибе алмасу алаңы Баяндама	Қантар	Әдіскер, барлық педагогтер
	Педагогикалық кеңес №4 Тақырыбы: Мектеп жасына дейінгі балаларды патриотизмге тәрбиелеу Күн тәртібінде 1. Алдыңғы педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы туралы. 2. Мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие берудің тиімді жолдары. 3. «Ұлттық ойындар – патриоттық тәрбиенің құралы» – ұлттық ойындарға байланысты ойындар картотекасын таныстыру. 4. Мектеп жасына дейінгі балаларды ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеуде педагогтің рөлі. 5. «Туған елім – Қазақстан» – патриоттық тәрбие бойынша практикалық жұмыс.	Іс – тәжірибе Баяндама	Наурыз	Менгеруші, Әдіскер, барлық педагогтер

	6. Педагогикалық кеңес шешімін қабылдау.			
	Педагогикалық кеңес №5 Тақырыбы: 2024-2025 оқу жылындағы оқу тәрбие жұмысын қорытындылау Күн тәртібінде: 1. №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы туралы. 2. 2024–2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы. 3. Балалардың оқу жылы бойындағы бағдарламалық материалды меңгеру нәтижелері. 4. 2024–2025 оқу жылындағы педагогтердің атқарған жұмыстарына талдау. 5. Жазғы кезеңде балаларды сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру. 6. 2024–2025 оқу жылына арналған жазғы сауықтыру жұмысының жоспарымен танысу, ұйымдастырылған іс-әрекеттерді жазғы кезеңге бөлу. 7. Педагогикалық кеңес шешімін қабылдау. Алдағы оқу жылына негізгі бағыттарды белгілеу.	Қорытынды кеңес	Мамыр	Менгеруші, Әдіскер

**2024 -2025 оқу жылындағы ЖШС «Бөбек kids»
№1 педагогикалық кеңес хаттамасы**

29 тамыз 2024 жыл

Түрі: дәстүрлі (тұрақтандыру)

Тақырыбы: *«Жаңа оқу жылындағы бөбекжай қызметінің негізгі бағыттары»*

Мақсаты: Бөбекжай ұжымының жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмысын қорытындылау, жаңа 2024-2025 оқу жылына арналған оқу тәрбие жұмысын жоспарлау, топтардың дайындығын анықтау, педагогикалық құжаттарды бекіту

Қатысқандар: меңгеруші, әдіскер, барлық педагогтер, медбике

Күн тәртібі

1. Жазғы сауықтыру мерзіміндегі бөбекжай ұжымы жұмысының қорытындысы
2. 2024-2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық оқу жоспарын, ұйымдастырылған іс әрекет кестесін, топтардың күн тәртібін бекіту, топтарды топтастыру.
3. Жаңа оқу жылына топтардың дайындығын тексеру
4. Топтарға жауапты тәрбиешілерді бекіту
5. 2024-2025 оқу жылындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша түсіндіру

1-мәселе. Жазғы сауықтыру мерзіміндегі бөбекжай ұжымы жұмысының қорытындысы

Тыңдалды: Бөбекжай меңгерушісі Г.М.Айткалиева.

Меңгеруші жазғы сауықтыру кезеңінде атқарылған жұмыстарға тоқталды. Жазғы сауықтыру жоспарына сәйкес балалардың денсаулығын нығайтуға, қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және бос уақытын тиімді ұйымдастыруға бағытталған іс-шаралардың толық көлемде орындалғанын атап өтті. Серуендер, шынықтыру шаралары, су ойындары, спорттық және танымдық іс-шаралар жүйелі ұйымдастырылғанын айтты. Жазғы кезеңдегі жұмыстар қанағаттанарлық деңгейде орындалғанын қорытындылады.

2-мәселе. 2024–2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық оқу жоспарын, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесін, топтардың күн тәртібін бекіту, топтарды топтастыру

Тыңдалды: Әдіскер А.Н.Әубекер

Әдіскер 2024–2025 оқу жылына арналған перспективалық жоспарды, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесін, жас ерекшеліктеріне сәйкес топтардың күн тәртібін және тәрбиеленушілерді жас ерекшелігі бойынша топтастыруды таныстырды. Құжаттардың Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы нормативтік талаптарға сәйкес әзірленгенін атап өтті.

3-мәселе. Жаңа оқу жылына топтардың дайындығын тексеру

Тыңдалды: Әдіскер А.Н.Әубекер.

Әдіскер топтардың жаңа оқу жылына дайындығы бойынша жүргізілген тексерудің қорытындысын баяндады. Барлық топтардың дамытушы заттық-кеңістіктік ортасы толықтырылып, оқу-әдістемелік құралдары жаңартылғанын, қауіпсіздік талаптарының сақталғанын айтты. Ұсақ кемшіліктерді қысқа мерзімде түзету ұсынылды.

4-мәселе. Топтарға жауапты тәрбиешілерді бекіту

Тыңдалды: Бөбекжай меңгерушісі Г.М.Айткалиева

Менгеруші әр топқа жауапты тәрбиешілердің тізімімен таныстырып, олардың лауазымдық міндеттеріне сәйкес оқу-тәрбие жұмысын сапалы ұйымдастыру, құжаттамаларды уакытылы жүргізу және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеттеріне тоқталды.


5-мәселе. 2024–2025 оқу жылындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша түсіндіру

Тыңдалды: Әдіскер А.Н.Әубекер.

Әдіскер Қазақстан Республикасында жүзеге асырылатын «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының негізгі мақсаттары мен міндеттері туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Бағдарламаның ұлттық құндылықтарды дәріптеу, адамгершілік, еңбекқорлық, отансүйгіштік, жауапкершілік және экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталғанын атап өтті. Бағдарламаны оқу-тәрбие процесіне кіріктіру жолдары түсіндірілді.

Шешім

1. Жазғы сауықтыру кезеңінде атқарылған жұмыстар қанағаттанарлық деп танылсын.
2. 2024–2025 оқу жылына арналған перспективалық жоспар бекітілсін.
3. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы қанағаттанарлық деп танылсын.
4. Топтарға жауапты тәрбиешілер бекітілсін.
5. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын оқу-тәрбие процесінде жүйелі түрде іске асыру қамтамасыз етілсін.

Төрайым  М.Айтқалиева

Хатшы  А.Н.Әубекер

2024 -2025 оқу жылындағы ЖШС «Бөбек kids»

№2 педагогикалық кеңес хаттамасы

13 желтоқсан 2024 жыл

Түрі: дәстүрлі

Тақырыбы: Тұтас педагогикалық үдерісті құру арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік – патриоттық әлеуетін жан – жақты дамыту, азаматтыққа тәрбиелеу үшін жағдай жасау

Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік және патриоттық тәрбиесін тұтас педагогикалық үдеріс арқылы дамыту, азаматтық ұстанымын қалыптастыруға бағытталған тиімді әдіс-тәсілдерді анықтау, тәрбие білім беру жұмысының сапасын арттыру.

Қатысқандар: меңгеруші, әдіскер барлық педагогтер, музыка жетекшісі

Күн тәртібі

1. №1 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы.
 2. Мектепке дейінгі жастағы балаларды азаматтық-патриоттық тәрбиелеу бойынша білім беру қызметін қазіргі заманғы білім берудің бастапқы деңгейімен сабақтастықты жүзеге асыру жағдайында ұйымдастыру.
 3. «Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілік-патриоттық тәрбиелеудегі музыканың рөлі».
 4. «Балаларды ұлттық құндылықтар арқылы адамгершілік-патриоттық тәрбиелеу» – педагогтердің іс-тәжірибесінен.
 5. «Ұлттық ойындар – бала тәрбиесінің негізі» – практикалық бөлім.
 6. Мектеп жасына дейінгі балалардың бойында Отанға, туған жерге және ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілікті қалыптастыру жолдары.
- Педагогикалық кеңес шешімін қабылдау.

ТЫҢДАЛДЫ:

Әдіскер А.Н.Әубекер.Әдіскер А.Н. Әубекер №1 педагогикалық кеңесте қабылданған қаулылардың орындалуы туралы ақпарат берді.Жаңа оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмыстары жоспарға сәйкес ұйымдастырылғанын, перспективалық жоспарлар мен ұйымдастырылған іс-әрекет кестесінің бекітілгенін, топтардың жаңа оқу жылына толық дайындалғанын және «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру жұмыстарының басталғанын атап өтті.

Шешімі:

1. №1 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау жұмыстары жалғастырылсын.
3. Педагогтер бекітілген жоспарларға сәйкес жүйелі жұмыс жүргізсін.

ТЫҢДАЛДЫ:

2 мәселе бойынша Меңгеруші Г.Айткалиева мектеп жасына дейінгі балалардың азаматтық және патриоттық тәрбиесін қалыптастырудың негізгі бағыттарына тоқталды.

Білім беру қызметінде мемлекеттік рәміздерді құрметтеу, туған елге сүйіспеншілік, ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрді дәріптеу, туған жердің тарихы мен табиғатына қамқорлық сезімін қалыптастырудың маңыздылығы атап өтілді.

Сонымен қатар мектепке дейінгі ұйым мен бастауыш білім беру арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету жолдары қарастырылды. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес патриоттық

тәрбие беру барысында әңгімелесу, көркем шығармаларды оқу, ұлттық ойындар, шығармашылық жұмыстар, мерекелік іс-шаралар мен танымдық әрекеттерді тиімді пайдалану ұсынылды.

ШЕШІМІ:

1. Азаматтық-патриоттық тәрбие беру жұмыстары оқу-тәрбие процесінде жүйелі ұйымдастырылсын.
2. Балалардың туған жерге, Отанына, мемлекеттік рәміздерге және ұлттық құндылықтарға құрметін қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар өткізілсін.
3. Ұлттық салт-дәстүр мен мәдени мұраны тәрбие-білім беру процесіне кіріктіру жалғастырылсын.

3-мәселе. Музыка жетекшісі Д.Е. Хайрушева балаларды адамгершілік-патриоттық тәрбиелеуде музыканың маңызы туралы баяндама жасады.

Ол мемлекеттік Әнұранды, халық әндерін, патриоттық және ұлттық шығармаларды пайдалану арқылы балалардың туған еліне деген сүйіспеншілігін, ұлттық мәдениетке деген құрметін және рухани құндылықтарын қалыптастыруға болатынын атап өтті. Музыкалық ойындар, ұлттық әуендер, мерекелік іс-шаралар мен қойылымдардың балалардың эмоционалдық дамуына және патриоттық сезімдерінің қалыптасуына әсері туралы айтылды. Музыка арқылы балалардың ұлттық мәдениетке қызығушылығын арттыру, қазақ халқының ән-күй өнерімен таныстыру және музыкалық шығармаларды тыңдату арқылы эстетикалық талғамын қалыптастырудың тиімді жолдары ұсынылды.

ШЕШІМІ:

1. Музыкалық іс-әрекеттерде патриоттық және ұлттық бағыттағы шығармаларды жүйелі пайдалану жалғастырылсын.
2. Балаларды қазақ халқының ұлттық әндерімен, күйлерімен және музыкалық шығармаларымен таныстыру жұмыстары күшейтілсін.
3. Мерекелік іс-шаралар мен тәрбиелік жұмыстарда балалардың жас ерекшеліктеріне сай патриоттық және ұлттық музыкалық шығармалар қолданылсын.
4. Музыка арқылы балалардың ұлттық мәдениетке деген қызығушылығы мен құрметін қалыптастыру жұмыстары жүргізілсін.

ТЫҢДАЛДЫ:

Тәрбиеші Б.Тулегенова «Балаларды ұлттық құндылықтар арқылы адамгершілік-патриоттық тәрбиелеу» тақырыбында іс-тәжірибесімен бөлісті.

Балаларға қазақ халқының салт-дәстүрін, ұлттық мәдениетін, әдет-ғұрпын таныстыру арқылы олардың туған халқына деген сүйіспеншілігін қалыптастырудың маңызы айтылды.

Тәрбие процесінде ұлттық бұйымдарды, ұлттық ойындарды, мақал-мәтелдерді, ертегілерді, бесік жырларын, ұлттық киімдерді және көпөнер элементтерін пайдалану жолдары көрсетілді.

ШЕШІМІ:

1. Балаларды ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
2. Топтарда ұлттық ойындар мен ұлттық тәрбиеге арналған дамытушы материалдар тиімді пайдаланылсын.

3. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес салт-дәстүр, әдет-ғұрып және ұлттық мәдениет туралы түсініктері кеңейтілсін.

ТЫҢДАЛДЫ:

Тәрбиеші Р.Искакова ұлттық ойындардың мектеп жасына дейінгі балалардың тәрбиесіндегі маңызы туралы айтып өтті.

Ұлттық ойындардың балалардың қимыл-қозғалысын жетілдірумен қатар, ұйымшылдыққа, достыққа, өзара сыйластыққа, ережені сақтауға және бір-біріне көмектесуге тәрбиелейтіні айтылды.

«Арқан тарту», «Асық ату», «Ақ серек – көк серек», «Тақия тастамақ», «Ханталапай» сияқты ұлттық ойындарды балалардың жас ерекшелігіне сәйкес бейімдеп ұйымдастыру жолдары ұсынылды.

ШЕШІМІ:

1. Ұлттық ойындарды балалардың күнделікті әрекеті мен тәрбиелік іс-шараларында жүйелі пайдалану.
2. Ұлттық ойындар арқылы балалардың ұйымшылдығын, достық қарым-қатынасын және отансүйгіштік сезімін қалыптастыру.
3. Ұлттық ойындарды балалардың жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастыру.
4. Педагогтер ұлттық ойындарды оқу-тәрбие процесіне кіріктірудің тиімді әдістерін қолдансын.

6-мәселе. Педагогикалық кеңес шешімін қабылдау

Педагогикалық кеңесте қаралған мәселелер қорытындыланып, мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік-патриоттық әлеуетін дамыту, азаматтыққа тәрбиелеу және ұлттық құндылықтарды дәріптеу бағытындағы жұмыстарды жүйелі жүргізу қажеттілігі белгіленді.

ҚОРЫТЫНДЫ ШЕШІМ:

1. Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік-патриоттық тәрбиесін қалыптастыру жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылсын.
2. Балалардың туған жерге, Отанына, халқына және ұлттық мәдениетіне деген сүйіспеншілігін арттыруға бағытталған жұмыстар күшейтілсін.
3. Ұлттық ойындар, музыка, салт-дәстүр және көркем әдебиет арқылы патриоттық тәрбие беру жұмыстары оқу-тәрбие процесіне кіріктірілсін.
4. Бөбекжай мен отбасының бірлескен жұмысы арқылы балаларға ұлттық және адамгершілік құндылықтарды насихаттау жалғастырылсын.
5. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау бөбекжай әдіскеріне жүктелсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы: Т.Айтмұста, Айтмұста Т.М.

Хатшы: Ау, Ау

**2024 -2025 оқу жылындағы ЖШС «Бөбек kids»
№3 педагогикалық кеңес хаттамасы**

10 қаңтар 2025 жыл

Түрі: дәстүрлі

Тақырыбы: Мектеп жасына дейінгі балаларға адамгершілік – патриоттық тәрбие беру

Максаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың бойында адамгершілік, отансүйгіштік, елжандылық қасиеттерін қалыптастыру, туған жерге, Отанына, халқына деген сүйіспеншілігін арттыру, отбасы мен бөбекжайдың бірлескен жұмысы арқылы ұлттық құндылықтарды бала тәрбиесіне енгізу.

Күн тәртібі

1. №2 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы туралы.
2. «Белсенділік арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың патриоттық тәрбиесі мен тарихи санасын қалыптастыру».
3. «Отбасы тәрбиесі – патриоттық тәрбиенің алғашқы қадамы».
4. «Ұлттық құндылықтар – бала тәрбиесінің негізі» – педагогтердің іс-тәжірибесінен.
5. Мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие беруде ұлттық ойындар мен салт-дәстүрлерді қолдану.
6. «Туған жерім – тұғырым» тақырыбында практикалық бөлім.
Педагогикалық кеңес шешімін қабылдау.

Бірінші мәселе бойынша, бөбекжай әдіскері А.Әубекер №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы есеп берді.

№2 педагогикалық кеңесте мектеп жасына дейінгі балаларға адамгершілік-патриоттық тәрбие беру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, музыка және ұлттық ойындар арқылы балалардың отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастыру бағытында бірқатар міндеттер белгіленген болатын. Педагогтер тарапынан балалардың туған жерге, елге, ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын арттыруға бағытталған әңгімелер, ойындар, шығармашылық жұмыстар, музыкалық іс-әрекеттер және тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырылғаны айтылды.

ШЕШІМІ:

1. №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Адамгершілік-патриоттық тәрбие беру жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылсын.
3. Ұлттық құндылықтарды оқу-тәрбие процесіне кіріктіру жұмыстары күшейтілсін.

2-МӘСЕЛЕ. Белсенділік арқылы балалардың патриоттық тәрбиесі мен тарихи санасын қалыптастыру

ТЫҢДАЛДЫ:

Екінші мәселе бойынша, тәрбиеші А.Бисегалиева «Белсенділік арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың патриоттық тәрбиесі мен тарихи санасын қалыптастыру» тақырыбында баяндама жасады.

Баяндама барысында мектеп жасына дейінгі балалардың патриоттық сезімін қалыптастыруда олардың белсенді әрекетінің маңыздылығы айтылды. Балаларға туған жер, Отан, ел, мемлекеттік рәміздер, ұлттық мәдениет пен тарихи тұлғалар туралы жас ерекшеліктеріне сәйкес түсінік беру жолдары қарастырылды.

Балалардың тарихи санасын қалыптастыруда көрнекілік, әңгімелесу, көркем әдебиет, танымдық ойындар, шығармашылық жұмыстар мен мерекелік іс-шараларды қолданудың тиімділігі атап өтілді.

ШЕШІМІ:

1. Балалардың патриоттық сезімін қалыптастыруға бағытталған белсенді әрекеттер жүйелі ұйымдастырылсын.
2. Балаларға туған жері мен Отаны туралы жас ерекшеліктеріне сай түсінік беру жұмыстары жүргізілсін.
3. Мемлекеттік рәміздерге, ұлттық мәдениетке және тарихи мұраға құрмет қалыптастыру жұмыстары жалғастырылсын.

3-МӘСЕЛЕ. «отбасы тәрбиесі – патриоттық тәрбиенің алғашқы қадамы»

ТЫҢДАЛДЫ:

Үшінші мәселе бойынша, менгеруші Г.Айткалиева «Отбасы тәрбиесі – патриоттық тәрбиенің алғашқы қадамы» тақырыбында баяндама жасады.

Бала бойындағы Отанға деген сүйіспеншілік ең алдымен отбасындағы тәрбие мен қарым-қатынастан басталатыны айтылды. Ата-ананың балаға туған жер, отбасы, ұлттық салт-дәстүр, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу туралы түсінік беруі адамгершілік және патриоттық қасиеттердің қалыптасуына негіз болатыны атап өтілді.

Бөбекжай мен ата-ананың бірлескен жұмысы арқылы балаларды ұлттық құндылықтарға тәрбиелеудің тиімді жолдары қарастырылды.

ШЕШІМІ:

1. Отбасы мен бөбекжай арасындағы ынтымақтастықты нығайту жұмыстары жалғастырылсын.
2. Ата-аналарға балаларды отансүйгіштікке және ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу бойынша ұсыныстар берілсін.
3. Отбасылық тәрбиені патриоттық бағыттағы іс-шаралармен байланыстыру жұмыстары ұйымдастырылсын.

4-МӘСЕЛЕ. «Ұлттық құндылықтар – бала тәрбиесінің негізі»

ТЫҢДАЛДЫ:

Төртінші мәселе бойынша, тәрбиеші Б.Имашева ұлттық құндылықтарды мектеп жасына дейінгі балалардың тәрбиесіне енгізу бойынша іс-тәжірибесімен бөлісті.

Педагог балаларды казак халқының салт-дәстүрімен, ұлттық ойындарымен, ұлттық киімдерімен, колөнерімен, мақал-мәтелдерімен және халық ауыз әдебиетімен таныстырудың тәрбиелік маңызына тоқталды.

Ұлттық құндылықтар арқылы балаларды үлкенді сыйлауға, кішіге қамқорлық жасауға, достыққа, бірлікке, еңбекқорлыққа және отансүйгіштікке тәрбиелеу жолдары ұсынылды.

ШЕШІМІ:

1. Ұлттық құндылықтарды балалардың күнделікті тәрбиесіне жүйелі енгізу.
2. Ұлттық салт-дәстүрлер мен халық ауыз әдебиетінің үлгілерін оқу-тәрбие процесінде тиімді пайдалану.
3. Топтарда ұлттық құндылықтарға бағытталған дамытушы материалдарды толықтыру.

5-МӘСЕЛЕ. Ұлттық ойындар мен салт-дәстүрлерді қолдану

ТЫҢДАЛДЫ:

Бесінші мәселе бойынша, тәрбиеші Ж.Тлегенова мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие беруде ұлттық ойындар мен салт-дәстүрлерді қолдану жолдары туралы айтып өтті.

Ұлттық ойындардың балаларды ептілікке, шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа, достыққа және өзара сыйластыққа тәрбиелейтіндігі айтылды. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес «Асық ату», «Ханталапай», «Тақия тастамақ», «Арқан тарту» сияқты ойындарды ұйымдастырудың тиімділігі көрсетілді.

ШЕШІМІ:

1. Ұлттық ойындарды күнделікті оқу-тәрбие процесінде жүйелі қолдану.
2. Ұлттық ойындар арқылы балалардың ұйымшылдығын, достық қарым-қатынасын және отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастыру.
3. Ұлттық салт-дәстүрлерді балалардың жас ерекшеліктеріне сай түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

6-мәселе. «Туған жерім – тұғырым» практикалық бөлімі

ТЫҢДАЛДЫ:

Алтыншы мәселе бойынша, педагогтерге «Туған жерім – тұғырым» тақырыбында практикалық тапсырмалар ұсынылды.

Практикалық бөлім барысында балаларға туған жер туралы түсінік қалыптастыруға арналған ойындар, шығармашылық тапсырмалар, сурет салу, әңгімелесу және танымдық жаттығуларды ұйымдастыру жолдары қарастырылды.

Педагогтер өзара тәжірибе алмасып, патриоттық тәрбие беру кезінде қолдануға болатын тиімді әдістерді ұсынды.

ШЕШІМІ:

1. «Туған жерім – тұғырым» тақырыбындағы практикалық әдіс-тәсілдер оқу-тәрбие процесінде қолданылсын.
2. Балалардың туған жерге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға бағытталған шығармашылық және танымдық жұмыстар жүргізілсін.
3. Педагогтер тиімді әдіс-тәсілдерді өз тәжірибесінде қолдансын.

7-мәселе. Педагогикалық кеңес шешімін қабылдау

Педагогикалық кеңесте қаралған мәселелер қорытындыланып, мектеп жасына дейінгі балалардың бойында адамгершілік және патриоттық қасиеттерді қалыптастыруда отбасы мен бөбекжайдың бірлескен жұмысының маңыздылығы атап өтілді.

Балалардың туған жерге, Отанына, халқына және ұлттық мәдениетіне деген сүйіспеншілігін қалыптастыру мақсатында ұлттық ойындарды, салт-дәстүрлерді, музыка мен көркем әдебиетті оқу-тәрбие процесінде тиімді пайдалану қажеттілігі белгіленді.

ҚОРЫТЫНДЫ ШЕШІМ:

1. Мектеп жасына дейінгі балаларға адамгершілік-патриоттық тәрбие беру жұмыстары жүйелі жалғастырылсын.
2. Балалардың туған жерге, Отанына және ұлттық құндылықтарға деген сүйіспеншілігін арттыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылсын.
3. Отбасымен бірлескен патриоттық және ұлттық бағыттағы жұмыстар күшейтілсін.
4. Ұлттық ойындар, салт-дәстүр, музыка және халық ауыз әдебиеті тәрбиелік мақсатта кеңінен қолданылсын.
5. Педагогтер патриоттық тәрбие берудің тиімді әдіс-тәсілдерімен өзара тәжірибе алмасып отырсын.
6. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау бөбекжай әдіскеріне жүктелсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы: Т. Айтмұста, А. Мамажанов Т. А.

Хатшы: А. А. / Әубекев А. А.

**2024 -2025 оқу жылындағы ЖШС «Бөбек kids»
№4 педагогикалық кеңес хаттамасы**

27 наурыз 2025 жыл

Түрі: дәстүрлі

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балаларды патриотизмге тәрбиелеу»

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың бойында отансүйгіштік, елжандылық, туған жерге деген сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру, ұлттық ойындар мен салт-дәстүрлерді пайдалану арқылы балалардың ұлттық құндылықтарға қызығушылығын арттыру және патриоттық тәрбие берудің тиімді әдіс-тәсілдерін педагогтердің тәжірибесіне енгізу.

Қатысқандар: меңгеруші, әдіскер, барлық педагогтер, медбике

Күн тәртібі

1. Алдыңғы педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы туралы.
2. **Мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие берудің тиімді жолдары.**
3. «Ұлттық ойындар – патриоттық тәрбиенің құралы» – ұлттық ойындарға байланысты ойындар картотекасын таныстыру.
4. Мектеп жасына дейінгі балаларды ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеуде педагогтің рөлі.
5. «Туған елім – Қазақстан» – патриоттық тәрбие бойынша практикалық жұмыс.
Педагогикалық кеңес шешімін қабылдау.

Бірінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері **А.Н. Әубекер** алдыңғы педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы есеп берді.

Алдыңғы педкеңесте мектеп жасына дейінгі балаларға адамгершілік-патриоттық тәрбие беру, балалардың туған жерге, елге деген сүйіспеншілігін қалыптастыру, ұлттық құндылықтарды оқу-тәрбие процесіне енгізу және отбасы мен бөбекжай арасындағы ынтымақтастықты нығайту бойынша міндеттер белгіленген болатын.

Аталған бағыттар бойынша педагогтер тарапынан тәрбиелік әңгімелер, ұлттық ойындар, шығармашылық жұмыстар, музыкалық іс-әрекеттер және патриоттық бағыттағы іс-шаралар ұйымдастырылғаны атап өтілді.

ШЕШІМІ:

1. Алдыңғы педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Патриоттық тәрбие беру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғастырылсын.
3. Ұлттық құндылықтарды оқу-тәрбие процесіне кіріктіру жұмыстары жалғастырылсын.

ЫНДАЛДЫ:

Екінші мәселе бойынша тәрбиеші **Ж.Тлегенова** «Мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие берудің тиімді жолдары» тақырыбында баяндама жасады.

Баяндама барысында мектеп жасына дейінгі балалардың бойында патриоттық сезімді қалыптастыруды ерте жастан бастау қажеттілігі айтылды. Балаларға Отан, туған жер, отбасы, туған өлке, мемлекеттік рәміздер туралы жас ерекшеліктеріне сәйкес түсінік беру жолдары қарастырылды.

Патриоттық тәрбиені қалыптастыруда әңгімелесу, көркем әдебиет оқу, сурет салу, музыкалық шығармаларды тыңдау, ұлттық ойындар, мерекелік іс-шаралар және табиғатты қорғау әрекеттерін тиімді пайдаланудың маңызы атап өтілді.

ШЕШІМІ:

1. Балаларға патриоттық тәрбие беру жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылсын.
2. Балалардың туған жерге, Отанына және халқына деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға бағытталған тәрбиелік жұмыстар жүргізілсін.
3. Патриоттық тәрбие беру барысында ойын, шығармашылық және танымдық әдістер тиімді қолданылсын.
4. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес патриоттық бағыттағы көрнекіліктер мен дидактикалық материалдар пайдаланылсын.

ТЫҢДАЛДЫ:

Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Р.Искакова «Ұлттық ойындар – патриоттық тәрбиенің құралы» тақырыбында ұлттық ойындарға байланысты ойындар картотекасын таныстырды. Картотекада балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұлттық ойындардың түрлері және оларды ұйымдастыру жолдары қамтылғаны айтылды.

Ұлттық ойындардың балалардың дене белсенділігін арттырумен қатар, ұйымшылдыққа, достыққа, ережені сақтауға, өзара көмек көрсетуге және ұлттық мәдениетті құрметтеуге тәрбиелейтіні атап өтілді.

Педагог ұлттық ойындарды күнделікті режимдік сәттерде, ұйымдастырылған іс-әрекетте, серуен кезінде және мерекелік шараларда қолдануға болатындығын көрсетті.

ШЕШІМІ:

1. Ұлттық ойындарға арналған ойындар картотекасы педагогтердің жұмысында қолдануға ұсынылсын.
2. Ұлттық ойындарды балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жүйелі ұйымдастыру.
3. Ұлттық ойындар арқылы балалардың қимыл-қозғалысын, ұйымшылдығын, достық қарым-қатынасын және ұлттық құндылықтарға қызығушылығын дамыту.
4. Топтардың ойын қорын ұлттық мазмұндағы ойындармен толықтыру.

ТЫҢДАЛДЫ:

Төртінші мәселе бойынша меңгеруші Г.Айткалиева мектеп жасына дейінгі балаларды ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеуде педагогтің рөлі туралы тәжірибесімен бөлісті.

Педагогтің балаға жеке үлгі болуы, ұлттық салт-дәстүрлерді құрметтеуі, балалармен қарым-қатынаста мейірімділік, сыйластық, үлкенді құрметтеу, кішіге қамқорлық көрсету сияқты адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруы маңызды екендігі айтылды.

Сонымен қатар ұлттық тәрбие элементтерін күнделікті оқу-тәрбие процесіне табиғи түрде енгізудің тиімділігі атап өтілді.

ШЕШІМІ:

1. Педагогтер балаларға ұлттық құндылықтарды жеке үлгі көрсету арқылы насихаттасын.
2. Ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды балалардың жас ерекшеліктеріне сай түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

3. Ұлттық құндылықтарды күнделікті оқу-тәрбие процесіне кіріктіру жалғастырылсын.

5-МӘСЕЛЕ. «Туған елім – қазақстан» практикалық жұмысы

ТЫҢДАЛДЫ:

Бесінші мәселе бойынша педагогтер арасында «Туған елім – Қазақстан» тақырыбында практикалық жұмыс ұйымдастырылды.

Практикалық бөлімде балалардың туған ел туралы түсінігін кеңейтуге арналған ойындар, сұрақ-жауап, суретпен жұмыс, шығармашылық тапсырмалар және танымдық жаттығулар ұсынылды.

Педагогтер өз тәжірибелерінде қолдануға болатын әдіс-тәсілдермен бөлісіп, балалардың патриоттық сезімін қалыптастыруда көрнекілік пен ойын әдістерінің тиімділігін көрсетті.

ШЕШІМІ:

1. «Туған елім – Қазақстан» тақырыбындағы тиімді әдіс-тәсілдер оқу-тәрбие процесінде қолданылсын.
2. Балалардың Қазақстан Республикасы туралы білімдерін жас ерекшеліктеріне сәйкес кеңейту жұмыстары жүргізілсін.
3. Балалардың мемлекеттік рәміздерге, туған жерге және ұлттық мәдениетке деген құрметін қалыптастыруға көңіл бөлінсін.

6-МӘСЕЛЕ. Педагогикалық кеңес шешімін қабылдау

Менгеруші Г.Айткалиева педагогикалық кеңесте қаралған мәселелер қорытындыланып, мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие беруде ұлттық ойындарды, салт-дәстүрлерді, көркем әдебиетті, музыканы және шығармашылық әрекеттерді тиімді пайдалану қажеттілігі атап өтілді.

Балалардың бойында туған жерге, Отанына, халқына деген сүйіспеншілікті қалыптастыруда педагогтің кәсіби шеберлігі мен жеке үлгісінің маңызы ерекше екендігі айтылды.

ҚОРЫТЫНДЫ ШЕШІМ:

1. Мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие беру жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылсын.
2. Ұлттық ойындар картотекасы педагогтердің күнделікті жұмысында тиімді пайдаланылсын.
3. Балалардың туған жерге, Қазақстанға және ұлттық құндылықтарға деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар өткізілсін.
4. Патриоттық тәрбие беру барысында отбасы, бөбекжай және педагогтердің бірлескен жұмысы жалғастырылсын.
5. Педагогтер патриоттық тәрбие берудің тиімді әдіс-тәсілдерімен өзара тәжірибе алмасып отырсын.
6. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау бөбекжай әдіскеріне жүктелсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы: Т.Витисова Н.Тамашева Т.М

Хатшы: А.А.А. А.А.А.

**2024 -2025 оқу жылындағы ЖШС «Бөбек kids»
№5 педагогикалық кеңес хаттамасы**

12 мамыр 2025 жыл

Түрі: Қорытынды педагогикалық кеңес

Тақырыбы: 2024-2025 оқу жылындағы оқу тәрбие жұмысын қорытындылау

Мақсаты: 2024–2025 оқу жылында атқарылған оқу-тәрбие жұмыстарына қорытынды жасап, балалардың даму нәтижелерін талдау, педагогтердің жұмысын бағалау, жазғы сауықтыру кезеңін тиімді ұйымдастыру және келесі оқу жылына негізгі мақсат-міндеттерді айқындау.

Қатысқандар: меңгеруші, әдіскер, барлық педагогтер, медбике

Күн тәртібі

1. №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы туралы.
2. 2024–2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы.
3. Балалардың оқу жылы бойындағы бағдарламалық материалды меңгеру нәтижелері.
4. 2024–2025 оқу жылындағы педагогтердің атқарған жұмыстарына талдау.
5. Жазғы кезеңде балаларды сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру.
6. 2024–2025 оқу жылына арналған жазғы сауықтыру жұмысының жоспарымен танысу, ұйымдастырылған іс-әрекеттерді жазғы кезеңге бөлу.

Педагогикалық кеңес шешімін қабылдау. Алдағы оқу жылына негізгі бағыттарды белгілеу.

Бірінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері **А.Н. Әубекер** №4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы есеп берді.

Алдыңғы педагогикалық кеңесте балаларға патриоттық тәрбие беру, ұлттық ойындарды оқу-тәрбие процесінде қолдану, балалардың туған жерге және ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттыру бағытында міндеттер қойылған болатын.

Педагогтер аталған міндеттерді орындау барысында ұлттық ойындарды, салт-дәстүрлерді, шығармашылық жұмыстарды және тәрбиелік іс-шараларды жүйелі түрде ұйымдастырғаны атап өтілді.

ШЕШІМІ:

1. №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Патриоттық және ұлттық тәрбие бағытындағы жұмыстар жалғастырылсын.
3. Педагогтердің атқарған жұмыстары келесі оқу жылында да тәжірибеде қолданылсын.

ТЫҢДАЛДЫ:

Екінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері **А.Н. Әубекер** 2024–2025 оқу жылында атқарылған оқу-тәрбие жұмыстарының қорытынды есебін ұсынды.

Оқу жылында бөбекжайдың жылдық жоспарына сәйкес тәрбиелеу-білім беру процесі жүйелі ұйымдастырылғаны айтылды. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ұйымдастырылған іс-әрекеттер ойын, танымдық, шығармашылық және тәжірибелік бағытта жүргізілді. Оқу жылы барысында балалардың физикалық, коммуникативтік, танымдық-зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамытуға бағытталған жұмыстар атқарылды. Сонымен қатар ұлттық құндылықтарды дәріптеу, патриоттық тәрбие беру, экологиялық мәдениетті қалыптастыру, қауіпсіздік дағдыларын дамыту және ата-аналармен ынтымақтастық орнату бағыттарында түрлі іс-шаралар өткізілді.

ШЕШІМІ:

1. 2024–2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысы қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Жылдық жоспарға сәйкес атқарылған жұмыстардың нәтижелері келесі оқу жылын жоспарлау кезінде ескерілсін.
3. Балалардың жан-жақты дамуына бағытталған тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану жалғастырылсын.

ТЫНДАЛДЫ:

Үшінші мәселе бойынша әдіскер **А.Н. Әубекер** балалардың оқу жылы бойындағы даму мониторингі мен бағдарламалық материалды меңгеру нәтижелері туралы ақпарат берді. Балалардың білім, білік және дағдылары жас ерекшеліктеріне сәйкес бақылау, әңгімелесу, ойын және практикалық тапсырмалар арқылы анықталғаны айтылды. Балалардың көпшілігі оқу жылы ішінде өздерінің коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, физикалық және әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын жетілдірген. Педагогтер балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, қосымша жеке жұмыстар жүргізгені атап өтілді.

ШЕШІМІ:

1. Балалардың оқу жылы бойындағы даму нәтижелері қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Балалардың жеке даму ерекшеліктеріне сәйкес түзету және жеке жұмыстар жалғастырылсын.
3. Балалардың даму динамикасын бақылау келесі оқу жылында да жүйелі жүргізілсін.

ТЫНДАЛДЫ:

Төртінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі **Г.М. Айткалиева** педагогтердің 2024–2025 оқу жылындағы атқарған жұмыстарына талдау жасады. Педагогтердің жылдық жоспарға сәйкес оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастырғаны, түрлі мерекелік және тәрбиелік іс-шараларға белсенді қатысқаны атап өтілді. Педагогтер арасында тәжірибе алмасу, әдістемелік жұмыстар, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, шеберлік сыныптары мен шығармашылық жұмыстар жүргізілгені айтылды. Педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыруға, жаңа әдіс-тәсілдерді меңгеруге және балалармен жұмыста тиімді технологияларды қолдануға жағдай жасалғаны атап өтілді.

ШЕШІМІ:

1. Педагогтердің оқу жылындағы жұмысы қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Тиімді педагогикалық тәжірибелерді тарату және тәжірибе алмасу жұмыстары жалғастырылсын.
3. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыруға бағытталған жұмыстар күшейтілсін.

ТЫНДАЛДЫ:

Бесінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері **А.Әубекер** жазғы сауықтыру кезеңінде балалардың денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру және таза ауада уақытын тиімді ұйымдастыру бағыттары туралы айтып өтті. Жаз мезгілінде балалардың күн тәртібін сақтау, таза ауада серуендеу, қимылды ойындар ұйымдастыру, шынықтыру шараларын өткізу, су және құм ойындарын пайдалану, қауіпсіздік ережелерін сақтау қажеттілігі түсіндірілді. Балалардың денсаулығын сақтау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету жазғы кезеңдегі негізгі міндеттердің бірі екендігі атап өтілді.

ШЕШІМІ:

1. Жазғы сауықтыру кезеңінде балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған жұмыстар жүйелі жүргізілсін.
2. Таза ауадағы кимылды ойындар мен шынықтыру шаралары күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылсын.
3. Балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау талаптары қатаң сақталсын.
4. Жазғы кезеңде балалардың эмоционалдық жай-күйіне және демалысын тиімді ұйымдастыруға көңіл бөлінсін.

ТЫҢДАЛДЫ:

Алтыншы мәселе бойынша меңгеруші Г.М.Айткалиева 2024–2025 оқу жылына арналған жазғы сауықтыру жұмысының жоспарымен таныстырды.

Жазғы кезеңде балалардың денсаулығын нығайту, кимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту және таза ауадағы әрекеттерін көбейту мақсатында жоспарланған іс-шаралар таныстырылды.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттерді жазғы кезең ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастыру, оларды ойын, серуен, тәжірибе, шығармашылық және сауықтыру шараларымен кіріктіру ұсынылды.

ШЕШІМІ:

1. Жазғы сауықтыру жұмысының жоспары бекітілсін.
2. Жоспарға сәйкес сауықтыру, ойын-сауық және танымдық іс-шаралар уақытылы өткізілсін.
3. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер жазғы кезең ерекшеліктеріне сәйкес жоспарлансын.
4. Жазғы кезеңде балалардың белсенді демалуына және шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасалсын.
5. Жоспардың орындалуын бақылау әдіскерге жүктелсін.

7-МӘСЕЛЕ. Педагогикалық кеңес шешімін қабылдау

Педагогикалық кеңесте 2024–2025 оқу жылында атқарылған оқу-тәрбие жұмыстары қорытындыланып, балалардың даму нәтижелері мен педагогтердің жұмысына талдау жасалды.

Оқу жылы барысында белгіленген мақсат-міндеттердің орындалуы, балалардың білім, білік және дағдыларының қалыптасуы, ата-аналармен ынтымақтастық және тәрбиелік жұмыстардың ұйымдастырылуы қарастырылды.

Алдағы жазғы сауықтыру кезеңін тиімді ұйымдастыру және келесі оқу жылына дайындық жұмыстарын жүйелі жүргізу қажеттілігі атап өтілді.

ҚОРЫТЫНДЫ ШЕШІМ:

1. 2024–2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысы қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Балалардың даму нәтижелері мен бағдарламалық материалды меңгеру деңгейі ескерілсін.
3. Педагогтердің тиімді тәжірибелері келесі оқу жылында қолданылсын.
4. Жазғы сауықтыру жұмысының жоспары бекітіліп, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілсін.

5. Жазғы кезеңде балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігін сақтау басты назарда болсын.
6. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер жазғы кезеңнің ерекшеліктеріне сәйкес ойын және практикалық әрекет түрінде ұйымдастырылсын.
7. Келесі оқу жылына арналған мақсат-міндеттерді белгілеу барысында осы оқу жылының қорытынды нәтижелері басшылыққа алынсын.
8. Педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру және әдістемелік жұмыстарды жетілдіру жалғастырылсын.
9. Педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуын бақылау бөбекжай әдіскеріне жүктелсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы: Т.Айтмәсірова Айтмәсірова Т.А.

Хатшы: А.Аубеков Аубеков А.